



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАУЫНДА ДАУЫС БЕРДІ



**ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ
ТӘУЕЛСІЗДІК САРАЙЫНДА ОРНАЛАСҚАН
№520 САЙЛАУ УЧАСКЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТ-
ТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНДА ДАУЫС БЕРДІ.**

Мемлекет басшысы дауыс берген соң бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифинг өткізді. – Шын мәнінде, бүгін – еліміз үшін тарихи күн. Тұңғыш рет бірпалаталы Құрылтай сайлауын өткізіп отырмыз. Бұл – маңызды тарихи оқиға. Біз біртұтас ел болып, ауқымды реформалар жүргізіп жатырмыз. Мұны бәріңіз білесіздер, куә болып отырсыздар. Ойдағыдай нәтижелерге қол жеткіздік. Дегенмен алдымызда тұрған жұмыс ауқымды, мақсатымыз маңызды деп айтуға болады. Бүгінгі сайлау – осы жұмыстың бастауы ғана, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан соң Мемлекет басшысы алғашқы Құрылтай сайлауына және елдегі өзгерістерге қатысты БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалына жауап берді.

EGEMEN.KZ

ТМҰ БАЙҚАУШЫЛАРЫ ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰРЫЛТАЙ
ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫН БАҚЫЛАҒАН
ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИССИЯСЫ ДАУЫС БЕРУ
ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚ ӨТКЕНІН АТАП ӨТТІ.**

Байқаушылар сайлау учаскелерінде азаматтардың еркін дауыс беруіне қажетті жағдай жасалғанын және сайлау нәтижесіне ықпал етуі мүмкін елеулі заңбұзушылықтар тіркелмегенін ТМҰ бас хатшысының орынбасары, миссия басшысы Нуру Гулиев мәлімдеді.

Оның айтуынша, миссия құрамына ТМҰ хатшылығының өкілдері және Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан мемлекеттерінің Орталық сайлау комиссияларының өкілдері кірді.

– Миссия сайлау нәтижелеріне әсер етуі мүмкін қандай да бір елеулі заңбұзушылықтарды анықтаған жоқ. Сондай-ақ сайлау учаскелеріне келген азаматтардың еш кедергісіз кіріп-шығуына мүмкіндік берілгенін байқадық. Халықаралық байқаушылар да кез келген сайлау учаскесіне еркін кіріп, байқау жүргізісі келген жерде еркін қозғала алды. Бұл сайлау процесінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етті, – деді миссия басшысы.

KAZ.INFORM.KZ

• БҮГІНГІ САНДА



**ТАЗАЛЫҚ –
ТӘРБИЕ
БАСТАУЫ**

» 4

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНЫҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАРИЯЛАНДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНА ДЕПУТАТТАРДЫ САЙЛАУ БОЙЫНША ДАУЫС БЕРУДІҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ						
ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ГОЛОСОВАНИЯ НА ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ КУРУЛТАЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН						
Сайлаушылар саны Количество избирателей	12 623 289	Қатысты Приняли участие	9 351 539	Дауыс бергендердің алдын ала дерегі Предварительная явка		74,08%
«Әділет» партиясы	Жалпыұлттық социал-демократиялық партия	Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы	Қазақстан Халық партиясы	«Ауыл» партиясы	«Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы	«Respublica» партиясы
әділет		БАҒТАҚ ЖАСЫЛДАР ПАРТИЯСЫ	КХП НПК	АУЫЛ	АКЖОЛ	Respublica
Партия «Әділет»	Общенациональная социал-демократическая партия	Казахстанская партия зелёных «Байтақ»	Народная партия Казахстана	Партия «Ауыл»	Демократическая Партия Казахстана «Ақ жол»	Партия «Respublica»
Дауыстар саны Количество голосов	6 528 948	469 058	97 751	285 395	574 621	478 083
%	71,17%	5,11%	1,07%	3,11%	6,26%	5,56%
«Бәріне қарсы» дауыс берді Проголосовали «Против всех»						2,51%

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Нұрлан Әбдіровтің айтуынша, дауыс беру аяқталғаннан кейін аумақтық сайлау комиссиялары дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалардың электрондық көшірмелерін Орталық сайлау комиссиясына ұсынған.

Оның мәліметінше, сайлаушылардың нақтыланған тізіміне сәйкес Қазақстандағы сайлаушылардың жалпы саны 12 млн 623 мың 289 адамды құраған.

Оның ішінде цифрлық үкімет порталы мен азаматтардың тіркелген жері туралы мәліметтерді тексеру және дауыс беру учаскелерінің мекенжайлары бойынша тіркеу онлайн сервисі арқылы 9 865 азамат тізімге енгізілген.

Сайлауға 9 млн 351 мың 539 адам қатысты.

ОСК төрағасы Құрылтай депутаттарын сайлау бойынша бюллетеньге саяси партиялардың атаулары мен «Бәріне қарсымын» деген жол енгізілгенін атап өтті.

Алдын ала мәлімет бойынша сайлаушылардың дауысы былай бөлінді:

- «Әділет» партиясы – 6 528 948 дауыс, 71,17%
- Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 469 058 дауыс, 5,11%
- Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 97 751 дауыс, 1,07%
- Қазақстан Халық партиясы – 285 395 дауыс, 3,11%
- «Ауыл» партиясы – 574 621 дауыс, 6,26%
- «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы – 478 083 дауыс, 5,21%
- «Respublica» партиясы – 509 631 дауыс, 5,56%
- «Бәріне қарсымын» – 2,51%.

Нұрлан Әбдіров сайлау күні дауыс беру рәсімдерін бақылауға 51 мыңнан астам отандық байқаушы жұмылдырылғанын айтты.

Сондай-ақ сайлау барысын қазақстандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері жариялады. Оның ішінде қазақстандық БАҚ-тың 1 852 өкілі, сондай-ақ 117 шетелдік аккредиттелген журналист жұмыс істеді.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

Өңір Халқының 71,38 ПАЙЫЗЫ ДАУЫС БЕРДІ

**ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз**



**23 ТАМЫЗДА ҚҰРЫЛТАЙ
ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ
САЙЛАУЫ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ
МАҢЫЗЫ БАР ТАРИХИ ОҚИҒАҒА
АЙНАЛДЫ. САРАПШЫЛАР
ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫН САЯСИ
РЕФОРМАЛАРДЫҢ НАҚТЫ ЖҮЗЕГЕ
АСУЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ ДЕП
БАҒАЛАДЫ.
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯ-
СЫ ҰСЫНҒАН СОҒҒЫ ДЕРЕКТЕР-
ГЕ СӘЙКЕС 24 ТАМЫЗДА ӨТКЕН
ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙ-
ЛАУЫНДА МАҢҒЫСТАУ ӨңІРІНДЕГІ
САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ 71,38 ПАЙЫ-
ЗЫ ДАУЫС БЕРГЕН.**

Облыста азаматтар сайлау учаскелеріне келіп, өз таңдауын жасап қана қоймай, дауыс беру күнінің ерекше өрі жарқын өтуіне атсалысты. Маңғыстау облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мәліметіне сәйкес облыста дауыс беру құқығына ие 457 775 азаматтың сайлауға қатысуы күтілді. Өңір бойынша 267 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Дауыс беру барысының ашықтығы мен заң талаптарының сақталуын қоғамдық бірлестік өкілдері және тәуелсіз байқаушылар бақылады.



(Жалғасы 2,3-беттерде)